

Қайта өңделген уран өнімдерінің экспорты туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 тамыздағы N 1193 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы
N 406 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406
Қаулысымен.**

"Қару-жаракты, әскери техника мен екіұдай мақсаттағы өнімдерді экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына , 1994 жылғы 26 шілдеде бекітілген Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстар мен қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ашық үлгідегі "ТВЭЛ" акционерлік қоғамымен 1999 жылғы 1 қарашадағы N 30054230/ОУ-011 келісім-шартқа сәйкес "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" ЖАҚ) қазақстандық табиғи уранды Ресей кәсіпорындарында конверсиялау әрі байыту жолымен алынған, уран-235 изотопы бойынша 4,95% +/- 0,05%-тен асырылмай байытылған, Ресей аумағындағы уран гексафторидін (СЭҚ ТН коды-284420290) гексафторид түрінде аз байытылған уранды беруге "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" ЖАҚ және "Фьюэл Лоджистик ГмбХ" (Германия) фирмасы арасында 2000 жылғы 19 мамырда жасалған N 2000-05-01 келісім-шарттың ережелеріне сәйкес мөлшерде алыс шетелге экспорттауға р ұ қ с а т е т і л с і н .

2. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" ЖАҚ-ы кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен аталған тауарларды кедендік аумақтан "тыс қайта" өңдеу кедендік режимінен "тауарларды экспорттау" кедендік режиміне өзгертіп декларациялауды жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" ЖАҚ-на аталған өнімдерді экспорттауға белгіленген тәртіппен лицензиялар берсін.

4. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің

Атом энергетикасы жөніндегі комитеті ядролық материалдардың әкетілуін
бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК